

Шымкент қ.  
Денсаулық сақтау  
басқармасының шаруашылық  
жүргізу құқығындағы  
«Жоғары медицина колледжі»  
МКК



Государственное  
коммунальное предприятие  
на праве хозяйственного  
ведения  
«Высший медицинский  
колледж» УЗ г. Шымкент

БЕКІТЕМІН"  
ШЖК "Жоғары медицина колледжі"  
МКК директоры  
Г.Абишев  
2024 жыл

Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жоғары медицина колледжі»  
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын қызметкерлерінің сыйайлас  
жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал  
бұзушылықтары туралы ақпараттандыру

### ТӘРТІБІ

Е ЖМК 223-2024

Мерзімі	Қошерме	Басылым
		1

Шымкент 2024 жыл



Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жоғары медицина колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын  
қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заннаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы  
акпараттандыру тәртібі

Е ЖМК 223-2024  
Бас. №1

Комплаенс қызметімен әзірледі және енгізді

Педагогикалық кеңестің шешімімен келісілген 04. 11. 2024 жылғы № 2 хаттamasы

Тексеру жиілігі-3 жыл

## Мазмұны

1. Жалпы ережелер	3
2. Қысқартулар мен белгілер	3
3. Терминдер мен анықтамалар	3-4
4. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заннаманың фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабарлау тәртібі	4-5
5. Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі анықталған кездегі іс-қимыл тәртібі.	5
6. Қорытынды ережелер	6
7. Қосымша	7



Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жоғары медицина колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлықта қарсы заннаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы ақпараттандыру тәртібі

Е ЖМК 223-2024  
Бас. №1

## **1.Жалпы ережелер.**

1.1. Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жоғары медицина колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлықта қарсы заннаманы бұзу фактілеріне немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібі «Сыйбайлас жемқорлықта қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410V ҚРЗ Заңына (өзгерістер мен толықтырулармен), «Қазақстан Республикасының кейбір заннамалық актілеріне тольқытулар енгізу сыйбайлас жемқорлықта қарсы іс-қимыл және мемлекеттік қорғауға жататын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістермен тольқытулар енгізу туралы» 2023 жылғы 03 қантардағы №188-V ҚРЗ, «Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлықта қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 акпандагы №802 Жарлығымен, Қазақстан Республикасының «Қылмыстық кодексінің» 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V заңына сәйкес әзірленді.

1.2. Осы тәртіп жұмыс берушіні Колледже Сыйбайлас жемқорлық бұзушылықтар жасауға итермеленеу жағдайлары туралы хабардар ету тәсілін айқындайды.

1.3. Осы тәртіп қызметкерлердің кәсіптік қызметті жүзеге асыруы кезінде сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісін анықтаған кездегі іс-қимыл тәртібін белгілейді.

## **2.Қысқартулар мен белгілер**

2.1. Осы Тәртіpte мынадай қысқартулар мен белгілер пайдаланылады:

1) Колледж - Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жоғары медицина колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

2) Тәртіп - Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жоғары медицина колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлықта қарсы заннаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібі;

3) Журнал - Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау фактілері туралы хабарламаларды тіркеу журналы;

4) Комиссия - колледж қызметкерін сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермеленеу мақсатында қызметкердің өтініш жасау фактісін тексеру жөніндегі комиссия;

## **3.Терминдер мен анықтамалар**

1) Сыйбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға



теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке өзі немесе деддалдар арқылы мүліктік (мүліктік емес) игіліктерді алу немесе алу мақсатында өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерді заңсыз пайдалануы немесе үшінші тұлғалар үшін артықшылықтар, сол сияқты осы тұлғаларға игіліктер мен артықшылықтар беру арқылы пара беру;

2) Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл - сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарын жою жөніндегі өз өкілеттіктері шегіндегі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қызметі;

3) Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық - занда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыйбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

4) Сыйбайлас жемқорлық тәуекелі- сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

5) Сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу- сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

6) *Пара* - лауазымды адамның, шетелдік лауазымды адамның не жария халықаралық ұйымның лауазымды адамының жеке өзі немесе деддал арқылы акша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік алуы не оған мүліктік сипаттағы қызметтерді заңсыз көрсету, пара берушінің немесе ол ұсынатын адамдардың пайдасына әрекеттер (әрекетсіздік) жасағаны үшін өзге де мүліктік құқықтар беру түрінде, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) пара берушінің пайдасына лауазымды адамның қызметтік өкілеттігі не егер ол лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал ете алса, сол сияқты қызметтегі жалпы патронат үшін.

#### **4. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзы фактілері немесе ықтимал бұзушылықтар туралы хабарлау тәртібі**

4.1. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзы фактілері немесе ықтимал бұзушылықтар туралы және сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелей мақсатында жүргіну фактілері туралы хабарлау колледждің әрбір қызметкерінің міндеті болып табылады.

4.2. Колледж қызметкерлері сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелей мақсатында қандайда бір адамдардың оларға жүргінген фактілері немесе барлық жағдайлары туралы өзінің тікелей басшысына және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің маманына дереу хабардар етуге міндетті.

4.3. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың фактілеріне немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабарлама бір күн ішінде колледже сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру үшін жауапты тұлғаға беру арқылы, электрондық пошта арқылы, колледж сайтындағы директор блогы арқылы



немесе «Сенім жәшігі» арнайы жәшігін пайдалану арқылы жазбаша нысанда берілуі болады. Жәшіктен ақпарат алуды колледже сыйбайлас жемқорлықта қарсы саясатты іске асыруға жауапты тұлға аптасына 1 рет жүзеге асырады. Алынған мәліметтердің құпиялышының жұмыс беруші және колледже сыйбайлас жемқорлықта қарсы саясатты іске асыруға жауапты тұлға қамтамасыз етеді.

#### 4.5. Хабарламада көрсетілуге жататын мәліметтер тізбесі:

-тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, байланыс телефоны, сондай-ақ хабарламашының пікірінше, онымен байланыс орнатуға көмектесетін аппарат;

-қызметкерді сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермеленеу мақсатында немесе Колледждің басқа қызметкерлері немесе оған кәсіби қызметті жүзеге асыру процесінде белгілі болған өзгеде адамдар сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған барлық жағдайлар туралы жүгінген мән-жайлар;

-сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермеленеу мақсатында өтініш жасаған адам (жеке немесе занды) туралы белгілі мәліметтер;

-өтініштің мәнін баяндау (жүгіну күні мен орны, қандай әрекетті (әрекетсіздікті) жасауға итермеленеу орын алады, ұсынылған пайда, болжамды салдарлар, өтініштің өзге де мән-жайлары;

-осы іске қатысы бар адамдар және егер бар болса, куәгерлер туралы мәліметтер;

-хабарламашының қолы және жасалған күні.

4.6. Колледже сыйбайлас жемқорлықта қарсы саясатты іске асыруға жауапты адам хабарламаны алған күні сыйбайлас жемқорлықта құқық бұзушылық фактілері туралы хабарламаларды тіркеу журналында хабарламаны тіркеуді жүзеге асырады, сондай-ақ Колледж директорына хабардар етеді.

4.7. Хабарламаны көрсетілген мерзімде жіберу мүмкін болмаған жағдайда (ауырған, демалыста, іссапарда және т.б.) колледж қызметкері жұмыс орнына келгеннен кейін бір жұмыс күні ішінде хабарлама жібереді.

4.8. Анонимді хабарламалар «анонимді» белгісі соғылып журналға тіркеледі және қаралмайды;

#### **5. Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі анықталған кездегі іс-қимыл тәртібі**

5.1. Тексеруді ұйымдастыру мақсатында колледже сыйбайлас жемқорлықта қарсы саясатты іске асыруға жауапты адам З жұмыс күні ішінде колледж қызметкерін сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермеленеу мақсатында қызметкердің өтініш жасау фактісін тексеру жөніндегі комиссия құрады;

5.2. Тексеру барысында: сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау мақсатында адамның колледж қызметкеріне жүгінуіне ықпал еткен себептер мен жағдайлар анықталуы тиіс;

5.3. Тексеру нәтижелерін комиссия тексеру аяқталғаннан кейін З жұмыс күні ішінде колледж директорына жазбаша қорытынды нысанында ұсынады;

5.4. Қорытындыда: комиссия құрамы, тексеру жүргізу мерзімдері, тексеру жүргізу үшін негіздер, хабарлама жасау үшін негіз болған фактінің дұрыстығын



Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жогары медицина колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы ақпараттандыру тәртібі

Е ЖМК 222-2024  
Бас. №1

растаяу (немесе теріске шығару), ұйым қызметкерін сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелене мақсатында жүгінуге ықпал еткен себептермен мән-жайлар және т. б. көрсетіледі;

5.5. Егер Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V ҚРЗ-ның 247 және 366 баптарындағы ескертулерде көрсетілген құқық бұзушылық болса ол құқық бұзушылық болып табылмайды және басқа сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактісі және сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелене мақсатында жүгіну фактісі расталған жағдайларда комиссия қорытындысында колледж директорына сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа жол бермеу жөніндегі шараларды колдану жөнінде ұсынымдар ұсынылады, әрі қарай колледж директоры сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қорғау органдарына беру туралы шешім кабылдайды.

5.6. Егер сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактісі және сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелене мақсатында жүгіну фактісі расталмаған, бірақ жүргізілген тексеру барысында қызметтік мінез-құлыққа қойылатын талаптарды бұзу белгілері, қызметкердің өзінің қызметтік лауазымдық міндеттерін орындауда фактілері анықталған жағдайларда, онда материалдар З жұмыс күні ішінде тиісті шешім кабылдау үшін колледждің тәртіптік комиссиясының қарауына беріледі.

## 6. Қорытынды ережелер

6.1. Осы тәртіп қызметкерлердің бастамасы бойынша да, колледж басшылығының бастамасы бойынша да қайта қаралуы мүмкін.

6.2. Осы Тәртіпке жергілікті актілердің қабылдау рәсімін сақтауға сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Әзірлеген:

Қызметі	Фамилия И.О.	Дата	Подпись
Комплаенс қызметінің жауапты маман	Мусоева Д.Н.	01.11.2024	

Тексерген:

Қызметі	Фамилия И.О.	Дата	Подпись
Сапа жетекшісі	А.Ж.Хамитова	01.11.2024	

Келісілді:

Қызметі	Фамилия И.О.	Дата	Подпись
Юрист	Н.А.Ниятуллаев	01.11.2024	



Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жогары медицина колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын ызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлықта қарсы заңнаманы бузу фактілері немесе ықтимал бузушылықтары туралы ақпараттандыру тәртібі

Е ЖМК 223-2024  
Бас. №1

## Қосымша-1

### Сыйбайлас жемқорлық құқық бузушылықтар жасауға итермеленеу мақсатында жүгіну фактілері туралы хабарламаларды тіркеу ЖУРНАЛЫ

№	Тіркелу күні, уақыты	Хабарлама ның түрі	Хабарламаны берген (жіберген) тұнға туралы маімептер			Хабарлама ның қысқаша мазмұны	Хабарлама ны қабылдаған адамның тегу, аты-жөні	Еске рту
			Тері аты-жөні	Қызметі	Телефон номері			